

Ақтөбе облысының спортшыларына ай сайын ақшалай үлес төлеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2017 жылғы 4 қыркүйектегі № 303 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 қыркүйекте № 5651 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қазандағы № 225 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 22.10.2025 № 225 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңының 45-бабының 2-тармағына сәйкес, Ақтөбе облысы спортшыларының әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Ақтөбе облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай үлес осы қаулының қосымшасында көрсетілген мөлшерге сәйкес төленсін.

2. "Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді басқа балымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Е.Ж.Нұрғалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Б.Сапарбаев
Ақтөбе облысы әкімдігінің 2017 жылғы

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Ақтөбе облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне төленетін ай сайын ақшалай үлес

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысының әкімдігінің 12.03.2018 № 119 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Атауы	Орын	Үлес көлемі айлық есептік көрсеткіш	Ескертпе
1	Олимпиада және паралимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	250	Төлемдер Олимпиада ойындары аяқталған соң күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады.
		2 орын	200	
		3 орын	150	
		4 орын	90	
		5 орын	70	
		6 орын	60	
2	Олимпиада ойындарында үміткер спортшылар (ҚР ұлттық штаттық командасына енген)	Олимпиада ойындарына қатысу үшін лицензия	120	Төлемдер Олимпиада ойындары басталғанға дейін ай сайынғы төлеммен жүзеге асырылады.
3	Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	100	Төлемдер Сурдлимпиада ойындары аяқталған соң күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады.
		2 орын	80	
		3 орын	70	
		4 орын	50	
		5 орын	40	
		6 орын	30	
4	Ж а б ы қ ғимараттардағы Азия ойындарын қоспағанда Азия, паралимпиада, сурдлимпиада ойындары	1 орын	120	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Азия, паралимпиада, сурдлимпиада ойындарына дейін жүзеге асырылады.
		2 орын	110	
		3 орын	100	
	Спорттың олимпиадалық, паралимпиадалық,	1 орын	150	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты
		2 орын	130	

5	сурдлимпиадалық түрлері бойынша Әлем чемпионаты (жазғы, қысқы)	3 орын	110	жалғастырған жағдайда келесі Әлем чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
6	Спорттың олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық түрлері бойынша Азия чемпионаты, Дүниежүзілік Универсиада (жазғы, қысқы)	1 орын	100	Төлемдер спортшы келісімшартқа сәйкес спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Азия чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
		2 орын	90	
		3 орын	80	
7	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жастар мен юниорлар арасындағы Әлем чемпионаты, Олимпиадалық жасөспірімдер ойындары	1 орын	60	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Әлем чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
		2 орын	50	
		3 орын	40	
8	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жастар мен юниорлар арасындағы Азия чемпионаты, Азия балалары, жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Әлем чемпионаты	1 орын	40	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Азия чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
		2 орын	35	
		3 орын	30	
9	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Азия чемпионаты	1 орын	35	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Азия чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
		2 орын	30	
		3 орын	25	
	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты мен Қазақстан	1 орын	60	
		2 орын	50	
			40	

10	Республикасының Спартакиадасы (жазғы, қысқы)	3 орын		
11	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жастар мен юниорлар арасындағы Жастар ойындары мен Қазақстан Республикасының чемпионаты	1 орын	35	Төлемдер келесі Қазақстан Республикасының чемпионатына дейін жүзеге асырылады (1 жыл).
		2 орын	30	
		3 орын	25	
12	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	1 орын	15	
13	Қазақстан Республикасының Паралимпиялық ойындары, тірек-қимыл аппаратының, естумен, көруіңіз зақымдануымен мүгедек-спортшылар ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	1 орын	40	
		2 орын	20	
		3 орын	15	
14	Ұлттық спорт түрлері бойынша ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	1 орын	40	Төлемдер келесі Қазақстан Республикасының чемпионатына дейін жүзеге асырылады (1 жыл).
		2 орын	35	
		3 орын	30	
	Ұлттық спорт түрлері бойынша	1 орын	50	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған
		2 орын	40	

15	ересектер арасында Азия чемпионаты	3 орын	30	жағдайда келесі Азия чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
16	Ұлттық спорт түрлері бойынша ересектер арасында Әлем чемпионаты	1 орын	60	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Әлем чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
		2 орын	50	
		3 орын	40	
17	Ұлттық спорт түрлері бойынша жастар мен юниорлар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты	1 орын	35	Төлемдер келесі Қазақстан Республикасының чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
18	Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ересектер арасындағы Әлем чемпионаты	1 орын	45	Төлемдер келесі Әлем, Азия чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
		2 орын	35	
		3 орын	20	
19	Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ересектер арасындағы Азия чемпионаты	1 орын	30	Төлемдер келесі Әлем, Азия чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
		2 орын	20	
		3 орын	12	

Олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Ақтөбе облысы спортшыларының жаттықтырушыларына ай сайынғы ақшалай үлес

№	Жарыстардың атауы	Орын	Үлес көлемі айлық есептік көрсеткіш	Ескертпе
1	Ересектер арасындағы Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	100	Төлемдер Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары аяқталған соң күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады.
		2 орын	80	
		3 орын	60	
2	Ересектер арасындағы Әлем чемпионаты, Азия ойындары	1 орын	70	Төлемдер Әлем чемпионаты, Азия чемпионаты, Азия ойындары және Дүниежүзілік
		2 орын	60	
		3 орын	50	
	Ересектер арасындағы	1 орын	50	

3	Паралимпиада ойындары, Дүниежүзілік универсиада, Азия чемпионаты	2 орын	40	универсиада аяқталған соң жүзеге асырылады.
		3 орын	30	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК